

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

көреміз. Драмада талданған басты үш проблема – қазіргі қоғамда да белең алып жатқан мәселелердің бірі. Соны жазушы өз шығармаларында басты тақырып негізінде ала отырып, адам бойындағы пендешілік қасиеттерді жою, отбасылық құндылықтарды сақтау секілді нәрселерді қозғайды. Жұмысымызда талданған екі туындыны салыстыра отырып, бұл туындылардың негізгі идеясы – адам жанының тазалығы туралы ой қозғау, жамандықтан жиреніп, ізгілікке жол бастау деген түйінге келеміз.

Жалпы, Т.Әбдікұлының қай шығармасын алсаң да адам бойындағы ізгі қасиеттерді негізге ала отырып, жамандық пен жақсылықтың арасын ашып көрсетеді. Оның қаламынан туған шығармаларында зұлымдыққа қарсы ой пікірлері айтылып, оқырманды терең ойға салады. Т.Әбдік шығармалары әлі талай ғылыми еңбектердің нысанына айналары сөзсіз. Оның творчествасы жыл өткен сайын жаңарып, жасарып келер ұрпақтың сүйсіне оқитын шығармаларына айналары сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдікұлы Т. Парасат майданы: Таңдамалы. – Алматы: Раритет, 2012. – 616 б.
2. Әбдікұлы Т. Әке [Мәтін] : повестер мен әңгімелер. - Алматы : Қайнар, 2005. - 384б
3. Әбдіков. Т. Айтылмаған ақиқат: Повестер мен әңгімелер [Мәтін] / Т. Әбдіков. - Алматы : Жалын, 1979. – 256 б
4. Пірәлиева Г. Ізденіс өрнектері: Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбаттар. - Алматы: Б.Ж. 2001-776 б.
5. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
6. «Қостанай таңы» газеті, 4 қыркүйек, 2012 ж «қаламгер қайраты көрнекті жазушы Төлен Әбдік - 70 жаста»
7. «Егемен Қазақстан» газеті, 4 қыркүйек, 2012 ж «Адалдық алаңындағы қаламгер»
8. «Қазақ әдебиеті» газеті, №37 «Төлен туралы толғаныс»
9. Қирабаев, С. Екі томдық шығармалар жинағы [Текст] / С. Қирабаев. - Алматы : Жазушы, 1992. - 544 б
10. www.old.abai.kz сайты

ӨОЖ 811.512.122:81'36

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОҒЫЗ ТОБЫ ТІЛДЕРІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР КӨРСЕТКІШТЕРІ

Төлегенова Мөлдір Елжанқызы

moldir_inder94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Сағидолда Г.С.

Қазақ тілі түркі тілдерінің классификациясында қыпшақ тобы тілдеріне жататыны белгілі. Қазақ тілінің қалыптасу тарихында қыпшақ-оғыз байланысының алатын орны ерекше. Сондықтан қазақ тілі салыстырмалы тарихи аспектіде көбінесе қыпшақ тобы тілдерімен салыстырыла зерттеледі де, оның оғыз тобы тілдерімен байланысы назардан тыс қалып келеді. Көне түркі дәуірінде оғыз-қыпшақтық белгінің айқын ажырамағанын және орта түркі дәуірі ескерткіштерінің қазақ тілі тарихындағы орнын ескеретін болсақ, қазіргі қазақ тілі мен оғыз тобы тілдерінің жекелеген сөздерін салыстырып отырып-ақ талай қызықты тілдік фактілерге кез боламыз. Сол фактілердің бір тобы бүгінгі мақаламыздың негізіне арқау болмақ.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында көне түркі заманынан сақталып келген, бірақ бұл күнде жеке тұрып, сол көне мағынасында қолданылмайтын бір алуан сөздер бары байқалады.

Ол сөздер негізінен тұрақты тіркестер (фразеологизмдер мен қос сөздер) және лексикалық тіркестердің (күрделі есімдер мен күрделі етістіктердің) құрамында қолданылады. Сондай-ақ олар кейбір жеке сөздердің этимоны, яғни мағыналық және тұлғалық түп-тамыры болып келеді [6]. Сондай фразеологизмдердің бірі «ту сыртына пышақ ұру». Нақтырақ айтсақ, ту сырты қолданысы мен сырт сөзі. Бұл сөздің (сырт) қазақ тіліндегі локалдық мағынадағы үйдің сырты, кітаптың сырты тіркестеріндегі сырт сөзінен мағынасы мүлдем басқа. Ендеше, сырт сөзінің түпкі төркіні қандай деген сауалға жауап іздеу мақсатында зерттеу жүргізген дұрыс. Ол үшін, бірінші фразеологиялық сөздік деректеріне сүйенген абзал. Ол жердегі мәліметтер былайша болып келеді:

Ту сырты: *арт жағы, арқа тұсы*. Өзіме ой тастаған қартты есіме қайта түсіріп, отырғандардың арасына қарап едім, ол менің ту сыртымда отыр екен (Ә.Әбішев). Ту сыртынан келіп қалған күшті аңғармаған дұшпан қатты састы (Т.Ахтанов).

Ту сыртынан өткендей: *Тесіп өткендей деген мағынада айтылып тұр*. Сәл шегір тартқан, қырағы көзі қарағанда адамның ту сыртынан өткендей (І. Есенберлин) [3].

Жаугершілік замандарды басынан өткеріп, ат үстінде өмір кешкен ата-бабаларымыз сан түрлі сұрапыл шайқастардың қан ортасында болды. Жазылмаған дала заңының батырларға арналған «кодексында» нағыз батыр үшін қорлықты, басқа бермеуін тілейтіндей өлім түрлері болғаны да белгілі. Солардың бірі – қапыда, омыртқасының ортасынан, арқадан алған суық карудың зілі ауыр болған.

Қазақ халқы тумақ бар жерде, өлмек те бар, жақсының өлімі де өнеге деп алланың ақ өлімімен өліп, артына жақсы ат қалдырып кетуді де өте жоғары бағалаған. Сонымен бірге арам өлім, ит өлім, жоқтаусыз өлім, сұраусыз өлімдерден ерекше сақтанып, арам жиренішті өлімдерді қатты жек көрген.

1. Ақ өлім деп құдайдың ажалымен өлген, асарын асап, жасарын жасап, артына жақсы өсиеті мен үлгі-өнеге қалдырып, амансуын ішіп, бала-шаға, туыс-туғандарының алдында қоз жұмғанды айтады.

2. Ер өлім «ез тірліктен ер өлім артық» деп ерлікті өте жоғары бағалаған халқымыз, отаны мен ел-жұртын, халықтың мал-мүлкін, жер-суын қорғау жолында қаза болған.

3. Арам өлім деп у ішіп, буынып, асылып, бауыздалып, жардан құлап, өзіне-өзі пышақ салып өлген және жалғыз өзі қараусыз, имансу ішпей қиналып жатып көз жұмып, сүйегі бұзылып кеткен өлімдерді айтады.

4. Ит өлім деп ешқандай себеп-салдарсыз қаңғырып жүріп елсіз-күйсіз айдалада өліп, сүйегі ит пен құсқа жем болған, сондай-ақ жамандық істеп жүріп көз жұмip, сүйегі айдалада сасып-шіріп қалған өлімді айтады.

5. Сұраусыз өлім деп шектен асқан ұры-қаракшы, бірнеше рет тәрбие берсе де түзелмей, етегін кесіп, елден қуылған бұзақы адамдардың кісі қолынан өлуін айтады.

Көріп отырғанымыздай, сырт сөзі адамға қатысты жиі қолданылып тұр. Әсіресе, адамның арқа тұсына қатысты сөз болып отыр. Сондықтан, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен «арқа» сөзіне қатысты тілдік деректерге үңілдік. Зат есімдер тобына жататын арқа сөзіне берілген сөздік мақала былайша болып келеді:

1. Адам мен жан-жануардың ту сырты, жотасы, жоны.

2. Арт жақ, артқы тұс.

3. Орындық, диван сияқты заттардың арқа тірейтін таянышы, арқалығы.

4. Ауысп. Дәнекер, себепкер. Арқа берді; арқа еті арша, борбай еті борша; арқа жазды; арқаны кеңге салды; арқасы қозды; арқа сүйер және т.б.

Арқа сөзінің адамның артқы тұсын білдіру мағынасы оның көнеден келе жатқан «арт» түбіріне байланысты болса керек. М.Қашқари сөздігінің үш әріптер бөлімінде біз «ART» түбірін кездестіреміз. Түсіндірмесінде art шач – арт шаш деген тіркес алынып, аудармасы – желке шаш деп көрсеткен екен. Және «арт» сөзі бұл жерде «мойын, желке» деген мағынаны білдіреді» деп көрсетіледі. Екінші омонимдес түрінің түбірі ретінде мынадай түсіндірме

береді: асу, тау асу, таудың төбесі: әг megyge ешік art болур. Еріншекке есік асу болар. Бұл жерде көріп отырғанымыздай түбір сөз локалдык мағынасымен көрініс береді [2].

Арқа сөзінің сырт, ту сырт тіркестерімен байланысын ашу үшін туысқан тілдердің фактісін шолып шықтық. Қазіргі оғыз тобы тілдерінде *арқа* сөзінің аудармасы *sirt*, *arka*, *arxa* түрінде кездеседі.

Қазақ тілінде локалдык мәнге ие болған арқа сөзінің оғыз тобы тілдерімен байланысы өз алдына бір қызықты мынадай тұжырым-тұспалдарға жетелейді. Оғыз тобы тілдерінің ішіне оғыз-селжүк топшасынан орын алған қазіргі түркі тілінің сөздік қолданысында қазақ тіліндегі арқа сөзі «arka» және «sirt» деген дыбыстық тұлғаларда кездеседі. Түрік тілінің сөздігінде «sirt» лексемасына берілген сөздік мақала былайша болып келеді:

SIRT 1. Арқа. Pardösüyü sirtıma geçirdim. Жеңіл пальтоны үстіме кидім. 2. Пышақтың өтпейтін жағы, доғал жағы. 3. Жота, қырқа (таудың, төбенің). 4. Бас, төбе, үсті. Sirt çevirmek назар аудармау, көңіл бөлмеу; теріс айналу, қарамау. Sirt sirta vermek қол ұстасып, бірге жүріп бірін-бірі қолдау. Бұл сөздің негіз болуы арқылы жаңа сөз де жасалған: SIRTÜSTÜ Шалқасынан, шалқайып. sirtüstü uyumak шалқасынан жатып ұйықтау.

ARKA 1. Арт жақ, арқа түс. Evın arkasında bahçe var. Үйдің артында, арт жағында бақша бар. 2. Арқалық —орындық, диван сияқты заттардың арқа тірейтін таянышы. 3. Соңы, ақыры, аяғы. Masalın arkası. Ертегінің аяғы. 4. Дене, адамның тұла бойы. Arkasında palto vardı. Үстінде пальто бар еді. 5. тес. Қорғаушы, жақтаушы, қамқоршы, сүйеуші. arka bulmak қамқоршы, сүйеуші табу. arka çıkmak қолдау, қарасу, көмектесу, болысу. Arkadan söylemek өсектеу, біреуді сыртынан орынсыз даттау. arkadan vurmak сатып кету, сатқындық жасау. Arkası kesilmek таусылу, түгесілу, біту. arkasım sıvamak арқаға қағу, қошметтеу, қолпаштау [4].

Көріп отырғанымыздай, түрік тіліндегі *sirt* сөзі М.Қашқари сөздігіндегі адамның анатомиялық болмысына қатысты айтылған мағынаға ие болса, *arka* сөзі осы сөздіктегі екінші локалдык мағынаға сәкес келіп тұр.

Әзірбайжан тіліндегі тілдік нұсқасы былай болып келеді: спина ж (мн. спины) ағха, bel, dal, kürək. Түркмен тіліндегі тілдік нұсқа: спина ж. арқа, ягырны; выпрямить спину ягырныцы язмак; лежать на спине аркан ятмак; ветер в спину ел аркадан; стоять спиной к кому-л. бирине арканы евруп дурмак; 2) перен. нож в спину дуйдансызлыкда душманчылык билен зыян етирмек.

Арқа сөзінің *сырт* түрінде қолданылуы қазақ тілінде жеке лексема түрінде еркін қолданыста сақталмаған. Тек ту сөзімен фразеологиялық жұп құрап қана, ерекше эмоционалды-экспрессивтік әсермен жұмсалады. Оған дәлел ту сырт тіркесінің фразеологизмдер құрамында қолданылып, фразеологиялық сөздікте реестр сөздердің қатарын жеке бірлік ретінде құруы.

Орысша-түрікше сөздікте арқа сөзіне қатысты орыс тіліндегі «нож в спину» фразеологизміне түрік тіліндегі балама ретінде түрік тіліндегі «arkadan vurma (немесе vurmak)» тіркесін ұсынуы да осыған дәлел.

Көне түркілік сөздердің басым көпшілігі – бұл күнде көне мағынасында жеке қолданылмайтын тұлғалар. *Жер болу, жер қылу* дегендегі *жер* сөзі көне түркілердің «ир» сөзі сияқты «ұялған, қысылған» мағынасында жеке қолданылмайды.

Түрікше-қазақша сөздікте «ırz» сөзін араб тілінен енген дей отырып мынадай анықтама береді: «Абырой, ар, намыс. Irzına geçmek зорлау, әйелдің намысына тию, қорлау. IRZ DÜŞMANI is. Нәпсіқұмар, нәпсіқор, нәпсінің құлы. IRZ EHLİ is. Арлы, намысты, ұяты бар.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде **йіт** етістігі «жоғалу, жоқ болу» мағынасын білдірген. Күлтегіннің үлкен жазуына зер салатын болсақ, мынадай жолдарды кездестіруге болады: «jir-saju barmış budun ölü-jitü jadayın-jalanın jana kelti (жер сайын (жер-жерге) тараған халық өліп-жітіп, жаяу-жалаңаш қайта келді)». Көне түркілерде «жоғалған зат (мал)» ұғымына йітүк (жітік) тұлғасы болған: ер йітүк сорды – кісі жоғалған нәрсе (жоқ) туралы сұрады.

Демек, өлім-жітім тікелей беретін «өлген-өшкен, жоғалған, жоқ болған» деген мағынадан шығып «шығын, қаза» деген жинақтау мәнді білдіретін қос сөзге айналған. Біздің байқауымызша, «өлтірді» мағынасындағы басына жетті деген тіркестің о бастағы көне түркілік қолданысы басы йітті (жітті) болса керек. Демек, ол «басы жоқ болды, өлді» деген ұғымдағы тіркес болып шығады.

«Жітім» сөзі өзінің көнелік қалпын қазіргі түрік тілінде сақтап қалған. Ол тілде қазіргі қолданыста YİTİM түрінде келеді. Мағынасы: Шығын, қаза. Bunun yitimi sizden sorulur. Бұл шығын сізден сұралады. Onun ölümü büyük bir yitimdir. Оның өлімі – ауыр қаза.

Қазіргі түркімен тілінің материалдарында да осы сөз актив қолданыста бар. Бұл тілдегі фонетикалық варианты – йитмек. Бірақ екі түрлі бір-біріне жақын мағынада қолданылады:

- Жоғалу (пропасть). 1. (затеряться) йитмек, йитип гитмек, йитирим болмақ; пропал документ документ йитди; куда ты пропал на целую неделю? сен тутуш хепделэп нирэ йитирим болдун; 2. (исчезнуть) йитмек, гарасы йитмек, гозден йитмек; пропасть без вести нам-нышансыз йитмек; 3. (утратиться) гапылмақ, йитирмек, махрум болмақ;

- Өлу (аусп.) «хак иш олмез, хак иш йитмез» (правое дело не умрёт).

Қазіргі әзірбайжан тілінде де бұл сөз жоғалу мағынасын беруде қолданылады:

itmək (исчезновение) 1. yox olma, itme; 2. gözden itme;

Махамбет ақынның *«Жақсыларға еп едім, жамандарға көп едім»* деген жолдарындағы еп сөзін Р.Сыздық бастапқыда, көне заманда «жөн, мақұл, дұрыс» деген мағынада қолданылған деп келіп, бұл формада қазіргі қырғыз тілінде кездесетінін айтып өтеді. Бір кездері қазақ тілінде де еп сөзі осы формада актив сөз қолданысында болғандығын мына жыр жолдары дәлелдейді:

Әлібек мына сөзді құп көреді,

Айманның бұл ақылын еп көреді (Айман-Шолпан)

Жалған жасауап сөйлеуге сіздерге еп пе? (Қозы Көрпеш)

Еп сөзінің мағыналық тараю процесін басынан кешіруі арқылы қазіргі қазақ тілінде «еп» сөзінің түбірлік уәжілігімен епті, епсіз, ептеу, ебдейлі, ебдейсіз сөздері қалыптасқан. Ал түпкі түбірлік мағынасы сол бойы көнеріп, ескі жырлардың құрамында ғана кездесетін күйге жеткен.

М.Қашқаридың сөздігінде «мақұл» мағынасын беретін сөз ретінде EVƏT лексемасын алады. Ғалым сөз ортасындағы –б дауыссызының –в және –у дыбыстарына ауысу мүмкіндігін тілдік деректермен дәлелдейді.

Сөз болып отырған «еп» сөзінің бұрынғы мағынасы қазіргі оғыз тілдеріндегі «евет» (иә) сөзінде көрініс табады деп тұжырымдаймыз.

«Тілдің басы артық дүниені көтермейтіні мәлім» деп Рабиға Сыздық айтқандай, көне дәуірден келе жатқан, сан ғасырларға желі тартып жатқан заманалардың тезінен сұрыпталып осы күнгі халықтың таным-түсінігін танытатын тілдік құралдарға айналған жекелеген сөздердің әрбір құбылысы өз заңдылығымен болып жатса керек. Себебі, ол сөздердің тұла бойында еш шашау шығарлықтай ретсіз өзгеріс жоқ, өзгеріс бола қалса, ол – заман талабының, қоғам тарихының сұрақтарына сай икемделген заңдылықтардың себебінен орын алып отыратыны сөзсіз. Оның жарқын дәлелдерін біз тарихи салыстырмалы грамматиканың қатпарларынан көреміз, көз жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Дайк-Пресс, 2008. -968 б.
2. Әдеби жәдігерлер. 2-т. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Алматы: «Таймас», 2007, -592 б.
3. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.
4. Русско-турецкий словарь. Москва: Издательство «Советская энциклопедия», - 1972, - 682 стр.
5. Азербайджанско-русский, русско-азербайджанский современный словарь, "KM" Kitab mətbəəsi 2009, 776 səh.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ЕҢБЕК» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІК МӘНІ

Төлепқалиева Дариға Асылбекқызы

dariga.ta@mail.ru

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Филология: қазақ тілі» мамандығының III курс студенті, Орал, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – К.Жұмашева

Бүгінгі таңда қазіргі тіл білімінде соны ғылыми бағдарлар мен жаңа бағыттағы зерттеу жұмыстары белсенді сипатқа ие болып отыр. Сондықтан лингвистика ғылымында когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, антропологистика, психолінгвистика тәрізді бағыттардың қарқынды дамуы тіл мен сөйлеу фактілерін халықтың ұлттық рухани құндылықтарымен, дүниетанымы, ой әлемі және психикалық ерекшеліктерімен тығыз байланыста алып қарауға кең жол ашады. Тіл мен мәдениетті сабақтастыра зерттеудің тиімді саласы – когнитивтік лингвистика. Оның маңызды ғылыми сала ретіндегі мәнін белгілі ғалым Ж.А.Манкеева: «Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл - өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Сондықтан да қазіргі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. салалары өріс алып отыр», деп анықтайды [1,15 б.]. Осымен байланысты әлемнің тілдік бейнесін түсінуге, зерделеуге жетелейтін, оның бір бөлшегі танылатын концепт ұғымы тілдің танымдық мазмұнын, күй-қалпын айқындаушы ғылыми лингвистикалық категория ретінде қалыптасуда. Әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлшегі болатын концептілердің адам танымында алатын орны зор. Негізінен осы күнге дейін концептілер ретінде адамзат өмірінде үлкен рөл атқаратын ұғымдар алынады. Яғни, шындық өмірдегі белгілі бір мәдениет үшін құнды әрі көкейкесті мәні бар мәдени атаулар ғана концепт дәрежесінде танылады. «Тіл арқылы танылатын концептілер, жалпы алғанда, тілді тұтынушы халықтың дүниетаным көрсеткіші» [2, 5]. Ғалымдардың концепт терминіне берген анықтамаларын, ғылыми зерттеулердегі тұжырымдарын салыстыра-саралай келіп, мынандай түйіндеме жасадық: концепт – қоғам туралы түрлі ақпарат беретін ұлттық-мәдени-танымдық ұғымның тіл арқылы бейнеленуі. Осындай тұжырымға келе отырып, «Еңбек» концептісінің қазақ тіліндегі көрінісіне талдау жасадық.

Еңбек – бұл философиялық категория, ол адамдардың түсінігінде тұрақты болмайды, себебі ол адамдардың саяси, әлеуметтік, экономикалық өмірінің талаптарына байланысты өзгеріп тұрады. Философиялық сөздікте еңбек ұғымына мынадай анықтама берілген:

Еңбек – бұл ең алдымен, адамның өз іс-әрекеті арқылы бір-бірімен және табиғатпен зат алмасуына жанама әсер етіп, оны реттеп және бақылап отыратын процесс (Маркс К, Энгельс Ф. 23-т,188-б). Еңбектің бірінші жағы - адамның табиғатқа белгілі бір көзқарасы. Сыртқы табиғатты өзгерте отырып, адам сонымен бірге өз табиғатын да өзгертеді. Сыртқы табиғаттың өзгеруі дегеніміз ең алдымен заттарды адам қажеттеріне бейімдеу. Еңбек мынадай қарапайым сәттерді қамтиды:

1) Мақсатты іс – әрекетті немесе еңбектің өзін;

2) Еңбек затын;

3) Еңбек құралдарын;

4) Еңбек нәтижесін. Еңбектің табиғатты меңгертетін қарапайым сәттері дайын күйінде берілмей, еңбектің өзімен жасалған жағдайда ғана пісіп жетіледі. Еңбектің екінші жағы – адамдардың бір-біріне, табиғатқа еңбек жөніндегі шарттары, процесі және нәтижесі